

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жаңындағы Сот төрелігі академиясында қашықтықтан оқыту бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 25 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 мамырда № 22759 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасының 2025 жылғы 6 мамырдағы № 1 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының төрағасының 06.05.2025 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 20-бабының 1-тармағының 11)-тармақшасына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-2-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес, БҮЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жаңындағы Сот төрелігі академиясында қашықтықтан оқыту бойынша оку процесін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жаңындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппараты):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Жоғырғы Соты жаңындағы Сот төрелігі академиясының ректоры З.Х. Баймөлдинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы

Ж. АСАНОВ

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты Төрағасының
2021 жылғы 17 мамырдағы
№ 25 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 5-2-бабының 14-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот төрелігі академиясында (бұдан әрі – Академия) профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылардың қашықтан өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқытууды ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Қашықтан оқыту форматында оқу процесін ұйымдастыру жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға (магистранттарға), судьялардың және сот жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курсарның тыңдаушыларына қатысты қашықтан оқыту бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін әкімшілік-академиялық және оқу-әдістемелік ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстар мен Интернет сервистерінің жүйелі-ұйымдастырылған, өзара байланысты жиынтығы (бұдан әрі – білім беру порталы) арқылы жүзеге асырылады.

3. Төтенше жағдай, шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайларда академиядағы оқу процесі қашықтықтан оқыту форматында жүргізіледі.

4. Қашықтан оқытууды іске асыру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

5. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру кезінде оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормаларын Академия белгілейді.

2-тaraу. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру тәртібі

6. Білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін қашықтан оқыту тұсында жүзеге асыру кезінде Академия:

1) білім алушылардың тұрған жеріне қарамастан, білім беру бағдарламаларын немесе олардың бөліктерін толық көлемде менгеруін қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ортасының жұмыс істеуі үшін жағдай жасайды;

2) оқу процесін оқу-әдістемелік, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып қашықтан көрсетілетін жеке кеңестер нысанында сүйемелдеу тәртібін айқындайды;

3) профессорлық-оқытушылық құрамның білім алушылармен тікелей өзара әрекеттесуі арқылы өткізілетін сабактар мен қашықтан оқытуды қолдана отырып өткізілетін сабактар көлемінің арақатынасын айқындайды;

4) білім алушылардың барлық оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдар, тестілеу жүйесі орналасқан электрондық ресурстар мен көздерге, ақпараттық жүйеге қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

5) білім беру процесіне қатысушылардың әрекеттеріне байланысты емес мән-жайлар туындаған кезде басқарушылық шешімдер қабылдайды.

7. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін ұйымдастыру үшін Академияда:

1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараттың қамтитын парақтары бар білім беру порталының және (немесе) ақпараттық жүйенің;

2) Интернет желісіне қосылууды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналарының;

3) цифрлық білім беру ресурстарының;

4) оқытуды басқарудың желілік жүйелерінің немесе бұлтты есептеулер арқылы қызметтің;

5) білім алушылар мен тындаушылардың жеке басын анықтау үшін сәйкестендіру жүйесінің болуы қамтамасыз етіледі.

8. Қашықтан оқыту бойынша оқу процесін жүзеге асыру үшін Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы және Ақпараттық технологиялар қызметі:

1) профессорлық-оқытушылық құрам мен қашықтан оқытуды іске асыру қызметтерін оқыту, цифрлық білім беру ресурстары мен цифрлық контенттерді өзірлеу және жаңарту үшін жағдайлар жасайды;

2) қашықтан оқыту бойынша оқу процесіне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесуді (форум, чат, бейне- және аудио- конференциялар) қамтамасыз етеді;

3) білім алушылар мен тындаушылардың Академияның және әріптестердің электрондық ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

4) білім алушыларды оқытудың цифрлық ізінің (онлайн сабактарға қатысу, кері байланыс) мониторингін жүзеге асырады.

9. Цифрлық білім беру ресурстарын дайындауды білім беру бағдарламасына сәйкес тиісті оқу пәндерін жүргізетін профессорлық-оқытушылық құрам жүзеге асырады.

10. Қашықтан оқыту оқу сабактарын онлайн режимінде және білім алушылардың өзіндік жұмысын оффлайн режимінде өткізу арқылы іске асырылады.

11. Онлайн режиміндегі оқу сабактары цифрлық технологияларды (вебинарлар, бейнеконференциялар, интернет желісі бойынша хабарламалар алмасу) қолдана отырып, нақты уақыт режимінде оқытуудың өзара әрекеттесу процесін көздейді.

12. Оффлайн режимінде білім алушылардың өзіндік жұмысы оқытушының және білім алушының қарым-қатынасы асинхронды болатын (білім алушыға оқу материалын өзіне ыңғайлы кез келген уақытта менгеру және байланыс құралдарын пайдалана отырып профессорлық-оқытушылық құраммен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін) оқу өзара әрекеттесу арқылы мүмкін болады.

13. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды ұйымдастыруды Академия өз бетінше жүзеге асырады.

14. Қашықтан оқыту бойынша білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылауды және аралық аттестаттауды жүргізу үшін Академия білім алушыны верификациялауға мүмкіндік беретін технологияларды қолдануды қамтамасыз етеді.